

**Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысында
қабылданған шешімдер туралы
АҚПАРАТ**

2024 жыл 4 маусым күні ҚО ББ Шахтинск қаласының ББ «№12 жалпы білім беретін мектебі» КММ бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің 3-отырысы өтті. Отырысқа Қамқоршылық кеңесінің 31 мүшесі қатысты.

Күн тәртібінде келесі мәселелер қаралды:

1. Мектеп қызметін талдау. 2024-2028 жылдарға арналған мектептің даму жоспары туралы.
2. Оқушылардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі тиімді ұйымдастыру және мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмысы мен қала сыртындағы сауықтыру лагерьлеріне аз қамтылған санатындағы отбасы балаларын жіберу туралы.
3. Жазғы мектеп жұмысы және 5-8, 10 сыныптардың көшіру емтихандары туралы.
4. Міндетті мектеп формасы жайлы.

Отырыста төмендегідей шешім шығарылды:

ШЕШІМ:

1. Мектептің қызметін талдау «жақсы» деп саналды және де жаңа спорт залдың жөндеу сапасын «өте жақсы» деп бағалады. Мектептің 5 оқу жылына арналған даму жоспары қабылданды (2024-2028жж).
2. Мектеп жанындағы жазғы лагерь тамыз айында 3-маусым бойынша жұмыс жасайтындығы ескертілді және қала сыртындағы сауықтыру лагерьлеріне жіберілетін балалардың тізімі жасалып, құжаттар жинақталсын.
3. 5-8 және 10 сыныптар 27-30 мамыр аралығында Қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырды және жазғы мектепке 1-8, 10 сынып оқушылары қамтылсын.
4. Оқушылар келесі 2024-2025 оқу жылында міндетті мектеп формасы туралы талаптарды ескере отырып, бекітілген мектеп формасын кию міндетті деп есептелсін.

Директор



— Э.Рамазанова